

ТҮСІНІКТЕМЕ

«Казгипроцветмет» ЖШС жобалау институты жобаалды құжаттаманың құрамында «Масал КБК» ЖШС іске асыруды жоспарлап отырған Ақмола облысындағы Масал темір рудалы кен орнының базасында тау-кен металлургиялық кешені құрылысының ТЭН-не орындалған «Қоршаған ортаға әсерін алдын-ала бағалау (ҚОӘАБ)» бөлімін орындады.

Аумақтық жағынан Масал кен орны Ақмола облысы Жарқайың ауданында, Есіл-Арқалық темір жол тармағының Приишим станциясынан 16 км шығысқа қарай орналасқан. Қазіргі уақытта құрылыс жоспарланған жерлерде Үшқарасу және Тасөткел ауылдық округтері орналасқан. Олардың ауыл шаруашылық алқаптары егістіктерден, дәнді дақыл алқаптарынан, пар жерлерден, шабындықтардан, көпжылдық шөптердің учаскелерінен, тыңайған жерлерден, жайылымдардан, қордағы жерлерден тұрады.

Жобалық шешімдерге сәйкес кенді жылына 11 млн тонна мөлшерінде ашық тәсілмен алу, оны концентрат алумен байыту, одан кейін кезең-кезеңмен агломерат, шойын, болат дайындамалар және жылына 940 мың тонна мөлшерінде құрылыс және машина жасау илегі түріндегі соңғы өнім өндіру жоспарланған. Бұл басынан бастап салынатын аса ірі кен байыту кешені болады.

Масал кен орнының дөңестері аз жазық жерде орналасуы, кеннің беткі қабаттан аса терең емес шоғырлануы, кен денелерінің созылым бойынша айтарлықтай ұзақтығы, қолайлы гидрогеологиялық жағдайлар, күрделі емес инженерлік-геологиялық және тау-кен техникалық талаптар – осы факторлардың қосындысы Масал кен орнының бекітілген қорын ашық тәсілмен алу шартын белгіледі.

Жобалық шешімдермен қарастырылған Масал кен орнының рудаларын магнитті сепарация әдісімен байыту технологиясы темір рудасының осы түрі үшін (құрамында ванадий бар титан-магний рудаларына) жақсы пысықталған, анағұрлым экономикалық тиімді дәстүрлі сызба болып табылады.

Алынған концентратты өңдеудің металлургиялық тәсілі темір рудасының осы түрін өңдеудің мүмкінді тәсілдерін экономикалық тұрғыдан талдау негізінде белгіленді. Масал кен орнының рудаларына қарай алдын-ала агломерат алумен домналық балқыту үрдісі айтарлықтай үлкен экономикалық тиімділігін және орындылығын көрсетті.

Кен-металлургия кешенін салу және пайдалану кезінде әлеуметтік-экономикалық аспектілерге әсері ең алдымен өңірлік экономика үшін жағымды-маңызды болып бағаланады, себебі вахталық әдіспен жұмыс істейтіндерден басқа кен-металлургия кешеніндегі жұмыстар үшін жақын маңдағы елді мекен тұрғындарының басым бөлігі жұмысқа тартылатын болады. Кешенді пайдалану кезіндегі шамамен алғанда жұмысшылар саны 5200 адамды құрайды.

Кен-металлургия кешенін орналастыру кезінде тұрақты пайдалану үшін бөлінетін жердің ауданы 4337,72 га құрайды, онда аршылған жыныстардың үйінділері бар карьерлер, байыту фабрикасы қалдық қоймасымен және құрғақ магнитті сепарациялау қалдықтарының үйінділерімен, металлургия өндірісі технологиялық қалдықтар үйінділерімен, инфрақұрылым нысандары және көлік тораптары, вахталық кент орналастырылатын болады.

Құрылыс кезеңінде уақытша пайдалануға жалпы ауданы 345,42 га жер қосымша бөлінеді, олар құрылыс аяқталғаннан кейін бастапқы күйіне қалпына келтірілетін болады.

Атмосфералық ауаға шығарылатын ластаушы заттардың тізімі және мөлшері бойынша кен-металлургиялық кешені қауіптілігі I санатты нысанға жатады. Кен-металлургиялық кешеннен атмосфералық ауаға 60 көзден барлығы 39 ластаушы шығарылады. Адам ағзасына әсер ету дәрежесі бойынша барлық ластаушы заттар қауіптіліктің 2, 3 және 4 кластарына жатады. Жобалық шешімдермен атмосфералық ауаға ластаушы заттарды шығаруды азайту бойынша іс-шаралар қарастырылған, қабылданған тазарту жабдығы қолданыстағы өндірістердің заманауи аналогтарына сай келеді.

Кен-металлургия кешенінің нысандары өте жақын орналасатынын ескере отырып, жалпы кәсіпорын үшін жекеленген өндірістік нысандардың санитарлық-қорғаныс аймақтарымен түйісуі есебінен бірыңғай нормативтік санитарлық-қорғаныс аймағы белгіленген. Шашыраудың есептеулері көрсеткендей, барлық ластаушы заттар бойынша бірыңғай санитарлық-қорғаныс аймағының шекарасында жерүсті концентрациялары елді мекендер үшін атмосфералық ауа сапасының гигиеналық нормативтерінен аспайды.

Кен-металлургия кешенінің көзделген шаруашылық қызметінің нәтижесінде ауданның су бассейніне әсер етуі негізінен Есіл өзенінен 11,6 млн м³ көлемінде жыл бойы таза су алу арқылы белгіленеді. Таза өзен суын пайдалануды қысқарту үшін және ағын суларды бұрудың алдын алу үшін тұрмыстық, өндірістік және жауын шашын ағын сулары тазартылады. Жобалық шешімдерде ағын суларды жерүсті су нысандарына құю қарастырылмаған.

Кен-металлургия кешенін пайдалануға берумен бірге өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы әзірленетін болады, оның басты мақсаттары шаруашылық қызметінің барысында қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және қалпына келтіру бойынша іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамамен белгіленген талаптардың орындалуын қамтамасыз ету болып табылады.

Жалпы алғанда, кен-металлургия кешені өндірістік және шаруашылық қызметінің қоршаған ортаға әсері рұқсат етілген деңгейде бағаланады, себебі кешеннің өндірістік қызметі аса ірі даусыз әлеуметтік-экономикалық нәтиже – тұрғын халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ететін, тауарлық өнім алатын және одан шығатын басқа да жағымды экономикалық салдары бар нәтиже қазіргі экологиялық тепе-теңдікті айтарлықтай бұзбайды.

Кен-металлургия кешенін пайдалану барысында Тапсырыс беруші қоршаған табиғи ортаны қорғауға, жұмыс істейтін персоналдың және жақын маңда тұратын тұрғын халықтың қауіпсіздігіне қатысты Қазақстан Республикасының Заңнамасын орындауға міндеттенеді.